

Күні: 24 наурыз, 2023ж

Қатысқаны:52

Қатыспағаны:

Кеңес төрайымы: Есетова А.Е

Хатшы: Кереева Ш.М

Отырыс тақырыбы: «Мәдениетті мектеп» жобасы аясында педагогикалық ұжым мәдени қарым-қатынасын қалыптастыру теориясы
Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Мәдениетті мектеп» жобасы аясында педагогикалық ұжым мәдени қарым-қатынасын қалыптастыру теориясы
2. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы. Облыстық, қалалық білім беру бөлімі Кеңесінің хаттамалық шешемімен таныстыру

1 мәселе бойынша сөз сөйлеген Кеңес төрайымы Есетова А.Е: Алдымен Педагогикалық әдеп жқніндегі Кеңес жұмысы, құрамы қалай жасақталғандығы туралы айта кетіп, жаға құрамды қайта таныстырды. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес құрамы:Сарсанғалиева Б.Х, Давлетогва У.В, Тулеуова Ж.К, Куатова А.Ж, Сайфетдинова Л. А, Кереева Ш.М, Есетова А.Е
28.08.2020 жылғы Бұйырық №64/1; кейін мерзімінің аяқталуына орай 04.01.2023 жылы Бұйырық №1/3 2026 жылға дейін ұзартылды.

Әріптестер мектебізде Педагогикалық Әдеп жөнінде Кеңес бар екенін біле жүріңіз, сондай ақ Әдеп Кеңесінің мүшелерімен де таныс болыңыз деп айтып кетіп жатырм. «Мәдениетті мектеп» жобасы аясында, мектепте әріптестер арасында да қарым- қатынаста та басты назарда бола отырып, мәдениетті түрде өрбуі керек деп ойлаймын. **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырдағы №20619 болып тіркелген «Педагогикалық әдеп қағидалары» туралы басты заңда көрсетілген.** Осы орайда ұжымдағы адамдар қарым-қатынасының құрылымдық компоненттерін қарастырып көрейік.

Қарым-қатынастың өзара байланысқан үш қыры бар, атап айтқанда, коммуникативті қыры адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу үрдісінде анықталса; қарым-қатынастың интерактивті жағы адамдардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыруында, мысалы, серігінің көңіл-күйіне, мінез- құлқына, сенімдеріне әсер етіп, әрекет етушілердің қызметтерін бөліп алу қажет болған жағдайда, ал перцептивті жағы қарым-қатынастағы екі адамдардың бір-бірін қабылдап, осының негізінде өзара түсінісуінде көрінеді. Қарым- қатынастың құралдары:

1. Тіл-сөздердің, анықтамалардың жүйесі және оқуды қарым-қатынаста қолданылатын мағыналы сөз тіркестеріне (пікірлеріне) біріктіру.
2. Бір ғана фразаның әр мағынасын беретін интонация (дауыс ырғағы), эмоциялы айқындылық.
3. Қарым-қатынастағы адамның отырысы, бет әлпетінің көрінісі, көзқарасы, сөз тәркінің мәнін күшейте, толықтыра, әрі жоққа шығара алады.
4. Ым-ишара (жест) қарым-қатынастың құралы ретінде жалпыға бірдей болуы мүмкін- яғни әрқайсысы өзіне тән мағынамен сипатталады.

Адамдардың бір-бірін қабылдау процесінде қарым-қатынастың міндетті құрамды бөлігі ретінде танылуы перцепция деп аталады. С.Л. Рубинштейннің зерттеуі бойынша адамды мінез құлқының сыртқы көрінісі негізінде танимыз, оның сыртқы мәліметтерінің мәнін ашамыз. Осы негізде алынған нәрселер қарым-қатынас процесін реттейді:

- біріншіден, басқа адамды тану барысында танушы индивидтің өзіде дамиды.
- екіншіден, басқа адамды танудың ең қарапайым тәсілдерінің бірі өзін-өзі соның орнына қою. Бұл сол адамның ішкі жай күйін ұғынудың ең тиімді жолы. Өзінді басқа адамның орнына қоя отырып оны түсіну амалымен эмпатия құбылысының мәні ұқсас Эмпатия—басқа адамды ішкі әлеміне еніп, оның барлық сезімдері мен ойларын ұғына отырып оны эмоцияналды түрде қабылдау қабілеті.

Өзінің және басқа адамдардың жеке қасиеттерін танудың қисынды түрі- рефлексия, яғни кері байланыс құбылысы. Бұл әрекет етіп отырған индивидтің өзінің серігімен қалай қабылданатындығын түсінуі.

Қарым-қатынас күрделі әлеуметтік психологиялық процесс бола тұра төмендегідей негізгі каналдар бойынша жүзеге асады: Сөйлеу тілі арқылы және сөйлеу тілінің қатысуынсыз. Сөйлеу тілі қарым-қатынас құралы ретінде ақпараттың қайнар көзі ретінде әрі әңгімелесушіге әсер ету тәсілі ретінде көрінеді.

Зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, адам қарым-қатынасында күнделікті сөздер оның 7% құраса, дыбыстар мен дауыс ырғағы 37%, сөйлеу тілінің қатысуынсыз жүрген әсер 33% құрайды екен.

Адамның ішкі күйін бейнелейтін бет әлпетіндегі бұлшық еттерінің қозғалыстары, оның күнделіктерінің шынайы мәнін табыс етеді. Ымдар ақпараттың 70% құрайды. Яғни адамның көздері, көзқарасы, бет-әлпеті оның айтылған сөзінен бетер анықтама бере алады. Адамның мандайы, қасы, аузы (еріні, көзі, мұрыны, иегі) оның түр негізі эмоцияларын анықтайды.

Басқа адамдармен қарым-қатынасында кез-келген адамның нақты әлеуметтік рөлдері бар. Осындай рөлдер жеке адам жайлы толыққанды ақпарат берумен қатар, оны кейбір тұстарын жасыруы да мүмкін. Алайда қандай рөлді иеленуі адамның өзіне байланысты яғни оның күшіне, әлсіздігіне, ақыл-ой деңгейіне, өзіне қатысты сыншылдығына, мінез-құлқының икемділігіне байланысты.

Адам шын мәнінде басқа адамдармен өзара әрекеттестік пен қарым- қатынас жағдайларында тіршілік ететін әрі қоғамдық, әрі әлеуметтік тірі ағза, тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестіктің әрқилы формалары бар достық, махаббат, бәсекелестік, уақыт өткізу, ойын әлеуметтік әсер бағыну, дау-дамайлар, діни әрекеттестік т.б.

Адам өзін үнемі бүтіннің бөлігі ретінде сезінеді. Жалғыз қалған адам мен басқа адамдар тобында болған адаммен арасындағы айырмашылық жер мен көктей (біршама алшақтау). Мұнда ең алдымен адамның өзі де өзгеріске түседі,- яғни оның қоршаған әлемге қатысты әсерлері, оның ойлары, сезімдері, тіптен бет әлпетіне дейін өзгереді; екіншіден, тікелей қарым-қатынас жағдайында ғана көрініс беретін түбегейлі жаңа психикалық құбылыстар орын ала бастайды.

Ұжымның екі жақты табиғаты бар. Бір жағынан оның көптеген қырлары, атап айтқанда, іс-әрекет түрлері мен сипаты мүшелерінің санын анықтайтын педагогтың саналы әрі мақсаты ықпалының объектісі болып табылады. Екінші жағынан, балалар тобы өзгеше әлеуметтік психологиялық заңдылықтарға сүйенген, дербес салыстырмалы түрде тәуелсіз құбылыс.

С.Л.Рубинштейн зерттеуі бойынша сыртқы әсерлер жеке тұлғаның ішкі құрылымында өзгеріске ұшырап, оның өзіне айтарлықтай әсер етеді. Осылайша, ұжымның топтық даралығы іс-әрекеттің ұсынылған түрлерінің өзара күрделі әрекеттестігіне тәуелді келеді. Ұжымдағы өзара әрекеттестікте психологиялық ахуалдың рөлі ерекше.

Жағымды психологиялық ахуалмен сипаталатын ұжым ғана жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ете алады. Психологиялық ахуал ұжым мүшелерінің адамгершілігімен анықталатын жеке және іс жағдайындағы өзара қатынастар эмоцианалды дәрежеде көрініс беретін, ұжымның психологиялық көңіл-күйі.

Адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің жасырын, мәнді жағдайлары айқын сипатқа ие болады: бәсекелестік немесе құпия бақталастық, ұжымшылдық немесе топтық кепілділік, дөрекі қысым немесе саналы тәртіп. Адамдар өзара әрекеттестігінің барлық жағдайлары өзара әсерлесетін *терт негізгі тәсілі* арқылы жүзеге асады, атап айтқанда, үгіттеу, еліктеу және сендіру әрекеттері арқылы.

Қорыта айтқанда, қарым-қатынас адамдардың өзара әрекеттестік және өзара қатынас жасаудың ерекше формасы болып табылады. Қарым-қатынас мәселесін қазіргі кезде философия, психология, әлеуметтану, психолингвистика сияқты іргелі ғылымдар жан-жақты зерттейді.

Қарым-қатынасты зерттеуде ең алдымен оның құрылымдық компоненттерін анықтап, қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын (коммуникативтілік, интерактивтілік және перцептивтілік) қарастырдық. Адамдардың әлеуметтік ортада бағдарлануы мен мінез-құлқының адамгершілік үгілерін меңгеруінің негізінде, оның жеке басының қасиеттері қалыптаса бастайды. Осы тұста қарым-қатынастың алар орны ерекше.

Адам өзін үнемі бүтіннің бөлігі ретінде сезінеді. Адамның жеке қалғанымен, басқа адамдардың тобында болуының арасында үлкен айырмашылық бар. Мұнда адамның өзі де өзгеріске түседі, яғни оның қоршаған әлемге қатысты әсерлері, оның ойлары, сезімдері, тіптен бет-әлпетіне дейін өзгереді; екіншіден, тікелей қарым-қатынас жағдайында ғана көрініс беретін түбегейлі жаңа психикалық құбылыстар орын ала бастайды.

Іскер және жеке қатынастар үйлесімінің дәрежесі қандайда да бір топтағы ұжымның қалыптасуының маңызды көрсеткіші болып табылады.

2 мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес хатшысы Кереева Ш.М сөз алды. «Педагог мәртебесі» тақырыбындағы облыстық білім беру мекемелері ұжымдарымен онлайн форматтағы кездесу хаттамасымен таныстырды. Кездесу мақсаты педагог мәртебесі (педагогтердің құқытары мен міндеттері, педагогикалық әдеп және әдеп Кеңесінің жұмысы) туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Аудан, қала көлеміндегі педагогтердің құқықтары мен міндеттері, педагогикалық әдеп бойынша проблемалық мәселелр, арыз-шағымдар туралы айтылды. Мұғалімдер арасында әдеп мәселесін түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ашықтық, қолжетімділік принциптерін ұстану туралы айтылды.

Сондай ақ ағымдағы жылдың 18 қаңтарында болған Орал қалалық білім беру кеңесі мүшелерімен болған отырыс хаттамасымен де таныстырылды. Мектептегі әдеп нормалары бұзылған жағдайда әс-шаралар жоспарын жасақтап, жүйелі жұмыс жүргізілуді қолға алу тапсырылды. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, құндылықтарды үйрету мақсатында ұлағатты ардагер ұстаздармен кездесулер, апталықтар ұйымдастыру ұсынылған болатын.

Қаулы:

1.1 Ұжымдағы іскерлік және жеке қатынастардың үйлесімді дамуына ықпал ету;

1.2 оқушымен мұғалім, мұғалім мен мұғалім арасында әдеп нормаларын естен шығармау;

2.1 Педагог мәртебесі мен әдеп нормалары, әдеп қағидаттаы туралы ақпарт үнемі қаперге алынсын;

Кеңес төрайымы:

Есетова А.Е

Хатшы:

Кереева Ш.М